

## 2008 жылғы 1 сәуірдегі сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары


Жылдың басынан бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 30,8% -ға көп болып, 43 704,5<sup>1</sup> млн. теңге болды.

#### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.04.2007ж.-ға		01.04.2008ж.-ға		01.04.2007 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы Сумма	Үлесі, %-бен доля, %	Сомасы Сумма	Үлесі, %-бен доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	33 405,1	100,0	43 704,5	100,0	30,8%
Міндетті сақтандыру	3 387,2	10,2	5 663,8	12,9	67,2%
Ерікті жеке сақтандыру	3 584,0	10,7	6 195,9	14,2	72,9%
Ерікті мүлдіктік сақтандыру	26 433,9	79,1	31 844,7	72,9	20,5%

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 67,2%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 72,9%,, ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша – 20,5%-ды құрады.



2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптарынан келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

<sup>1</sup> қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде көрсетілген сома

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 64,8% (3 670,4 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 25,8% (1 461,3 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 2,8% (160,1 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 6,6% түскен.

**ерікті жеке сақтандыруда**–сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 19,5% (1 209,8 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 60,6% (3 753,7 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 7,1% (437,8 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 12,8% (794,0 млн. теңге) болып келеді;

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 13,2% (4 198,0 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 44,6% (14 204,0 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 31,4% (10 012,2 млн. теңге) және басқалар бойынша – 10,8 % болды.


Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.04.2007ж.-ға		1.04.2008ж.-ға		1.04.2007 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	33 405,1	100,0	43 704,5	100,0	30,8%
Өмірді сақтандыру	974,6	2,9	1 231,8	2,8	26,4%
Жалпы сақтандыру	32 430,5	97,1	42 472,7	97,2	31,0%


**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 231,8 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 26,4%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2007 жылғы 1 сәуірінде 2,8%-ға қарсы 2,8% болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2008 жылғы қаңтар-наурыз айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 42 472,7 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы осыған ұқсас кезеңге қарағанда 31,0% -ға көп.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің құрамы



**"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша  
сақтандыру сыйлықтары тәсіміні?  
төрілімі**



**Қайта сақтандыру**


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 20 664,6 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 47,3%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 41,8%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 7 544,0 млн. теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 5 054,6 млн. теңге болды.

*млн. теңге*

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.04.2007ж.-ға		1.04.2008ж.-ға	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	16 109,4	48,2	20 664,6	47,3
резидент еместерге	12 409,9	37,1	18 247,7	41,8
резиденттерге	3 699,5	11,1	2 416,9	5,5
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	1 974,3	5,9	5 054,6	11,6

**Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының төрілімі**



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 95,6%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,3%, міндетті сақтандыру бойынша – 4,1% болды.

## Сақтандыру төлемдері

2008 жылдың бірінші тоқсаны ішінде жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 93,6%-ға өсіп, 13 883,7<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 3,1% (425,7 млн. теңге) болып отыр.

*млн. теңге*

Сақтандыру төлемдері	1.04.2007ж.-ға		1.04.2008ж.-ға		1.04.2007 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі %- бен доля, %	Сомасы	Үлесі %- бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	7 170,9	100,0	13 883,7	100,0	93,6%
Міндетті сақтандыру	1 281,4	17,9	1 852,2	13,3	44,5%
Ерікті жеке сақтандыру	737,4	10,3	1 600,0	11,5	в 2,2 есе раза
Ерікті мүліктік сақтандыру	5 152,1	71,8	10 431,5	75,2	в 2,0 есе раза


2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 59,9% (1 110,0 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 34,8% (645,0 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 3,5% (65,7 млн. теңге) және басқалар бойынша - 1,8 % болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 74,5% (1 191,4 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 12,3% (197,1 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – , 9,1% (145,1 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 4,1% (66,2 млн. теңге) болды;

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – 86,8% (9 053,3 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 6,3% (660,2 млн. теңге), мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 0,5% (50,1 млн. теңге), басқалар бойынша – 6,4% болды.

<sup>2</sup> қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетілген сома



2008 жылдың 1 тоқсанында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 65,2%-ы болды.

### Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 41 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 14 сақтандыру брокерлері және 49 актуарийлер қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы Институциональная структура страхового сектора	01.04.2007ж.-ға	01.04.2008ж.-ға
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	40	41
өмірді сақтандыру бойынша	5	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	14
Актуарийлер саны	36	49

Есепті күнге 31 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 138,2 млн. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	1.04.2007ж.	1.04.2008ж.	1.04.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
			<i>млн. теңге</i>

Жиынтық активтер	149 981,8	261 206,2	74,2%
Міндеттемелер	62 444,2	123 050,5	97,1%
оның ішінде сақтандыру резервтері	48 024,4	105 767,7	2,2 рет
басқа да міндеттемелер	14 419,8	17 282,8	19,9%
Меншікті капитал (баланс бойынша)	87 537,6	138 155,7	57,8%


**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2008 жылғы 1 сәуірде 261 206,2 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 сәуірдегі осындай көрсеткіштен 74,2%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	1.04.2007ж.		1.04.2008ж.		млн. теңге
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	1.03.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Қолма-қол ақша	6 063,3	4,0	6 955,8	2,7	14,7%
Орналасырылған салымдар	28 780,1	19,2	71 702,0	27,4	в 2,5 раза
Бағалы қағаздар	72 432,1	48,3	76 453,8	29,3	5,6%
«Кері РЕПО» операциясы	14 708,9	9,8	22 577,7	8,6	53,5%
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	13 947,9	9,3	26 855,0	10,3	92,5%
Негізгі қаражат	2 960,0	2,0	4 155,0	1,6	40,4%
Қайта сақтандыру активтері	-	-	39 603,5	15,2	-
Басқа дебиторлық берешек	3 130,6	2,1	8 246,5	3,2	в 2,6 раза
Басқа активтер	7 958,9	5,3	4 656,9	1,7	-41,5%
Активтер жиынтығы	149 981,8	100,0	261 206,2	100,0	74,2%


**Міндеттемелер.** 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 123 050,5 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 97,1% -ға көп болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі қолданыстағы сақтандыру қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету 105 767,7 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 сәуірде қалыптасқан резервтер көлемінен 2,2 есе көп.


01.04.2007ж. Жағдай бойынша инвестициялық портфельінің құрамы (%)



01.04.2008ж. Жағдай бойынша инвестициялық портфельінің құрамы (%)



Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы



Инвестициялық портфель Инвестиционный портфель	1.04.2007ж.-ға		1.04.2008ж.-ға		1.04.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	17 874,0	15,35	13 520,2	7,91	-24,4%
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	28 780,0	24,72	71 702,0	42,00	в 2,5 раза
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	-	0	-	-
Шетелдік инвестициялық корлардың пайлары	31	0,03	0	-	-
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	48 537,0	41,70	61 071,0	35,77	25,8%
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздары	6 421,0	5,52	1 529,0	0,89	-76,2%
ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	64,0	0,05	311,8	1,18	в 4,8 раза
«Кері РЕПО» операциялары	14 709,0	12,63	22 577,7	13,22	53,5%
<b>Жиынтық</b>	<b>116 416,0</b>	<b>100,0</b>	<b>170 711,7</b>	<b>100,0</b>	<b>46,6%</b>

Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 41,7%-дан 35,8% дейін кеміді, екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесі 24,7% бастап 42,0% дейін өсті, ҚР мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 15,4%-дан 7,9% дейін өсті.

### **Сақтандыру рыногының шоғырлануы Концентрация страхового рынка**

Қаралған кезеңде сақтандыру рыногының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 56,5%-ы және сақтандыру төлемдерінің 21,8% -ы келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компанияларының үлесі 53,2% болды.

<b>Сақтандыру рыногының жиынтықты көрсеткіштерінің үлесі, %-бен</b>	<b>01.04.07</b>	<b>01.04.08</b>
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	60,7	57,8
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	82,8	76,2
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	75,2	44,1
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	87,3	62,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	48,2	53,2
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншікті капиталы	53,8	51,8

### **Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері**

	<b>01.04.2007ж.-ға</b>	<b>01.04.2008ж.-ға</b>
<b>ЖІӨ млрд. теңгемен, ВВП, в млрд. тенге</b>	9 738,8 <sup>3</sup>	15 249,4 <sup>4</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатысы %-бен	0,34 <sup>5</sup>	0,28
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатысы %-бен	0,90	0,90
Активтердің ЖІӨ-ге қатысы %-бен Отношение активов к	1,54	1,71
Сақтандыру сыйлықақыларын жан басына шаққандағы қатысы, теңгемен,	2 183	2 820

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындаған.

<sup>3</sup> - Статистика агенттігінің 2006 жылғы деректері бойынша

<sup>4</sup> - 2008 жылғы Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі болжамды деректері

<sup>5</sup> - 2007 жылғы қаңтар-наурыз айлары үшін қабылданған сақтандыру сыйлықақылары